

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

Балпыкова Динара Камаловна

9-сынып оқушыларына арнап жазылған

АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

ӘӨЖ 821.512.122

КБЖ 83.3

Рецензент:

«Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының ғылыми қызметкері, «Алтын кітап» баспасының әдеби редакторы, өнертану және пед. ғылымдар магистрі **А.Д. Әшірбаева.**

Авторлық бағдарлама: «Жамбыл Жабаев – ұлы дала ақыны» // құрастырушы автор: Д.К. Балпықова – Алматы облысы Кеген ауданы «І.Жұмағұлов атындағы орта мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 2021. – 52 б.

ISBN 267-601-7082-80-32

Авторлық бағдарлама 9-сынып оқушыларын жыр алыбы – Жамбылдың шығармашылығымен, өмірбаянымен таныстыруды мақсат ете жазылған. Вариативті курс бағдарламасы 34 сағатқа негізделген.

ӘӨЖ 821.512.122

КБЖ 83.3

«Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының 2021 жылғы 30 қарашадағы №4 хаттамасына сәйкес сараптау комиссиясының шешімімен баспаға ұсынылды.

ISBN

267-601-7082-80-32

© «Инновация» баспа үйі – 2021

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ИННОВАЦИЯ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БАСПАСЫНА ҰСЫНЫЛДЫ**



Рецензент:

«Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының ғылыми қызметкері, «Алтын кітап» баспасының әдеби редакторы өнертану және пед. ғылымдар магистрі **А.Д. Әшірбаева.**

Құрастырушы автор:

Балпыкова Динара Камаловна

Алматы облысы Кеген ауданы

«І.Жұмағұлов атындағы орта мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Инновация» баспа үйі – 2021 жыл

ТҮСІНІК ХАТ

Әр кезеңде өмір сүрген тарихи тұлғалар есімі кезкелген халықтың ұлттық бейнесін қалыптастырушы жарқын рәмізге айналып, мәдени өмірінде өшпес із қалдырады. Олардың жетістіктері – ұлттық мақтаныштың сарқылмас көзі және ұлт санасының негізі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа сақталып, тарих беттерінде таңбаланады.

Қазақ халқының тарихындағы осындай көрнекті тұлғалардың бірі – халық ақыны, жыр алыбы Жамбыл Жабаев екені даусыз. Оның ғасырға жуық ғұмырындағы шығармашылық кезеңдері ХІХ ғасырға дейінгі Ұлы даланың көпғасырлық поэтикалық дәстүрі мен ХХ ғасырдағы индустриялық дәуірдің алғашқы кезеңіндегі әдебиеттің қуатты ағымын байланыстырған алтын көпір болды.

«ХХ ғасырдың дала Гомері» атанған Жамбыл жырлары өткенді қазіргі заманмен үйлесімді байланыстыратын қазақ әдебиетінің ең биік шыңдарының бірі ретінде мәңгі сақталады. Ол халқымыздың ежелгі поэтикалық мәдениеті – ауыз әдебиеті мұраларын жадында сақтап, жатқа айтып, жырға қоса жүріп, қазақ елінің болашақ ұрпақтары үшін рухани мұра етіп қалдырды. Жамбыл өз дәуірінің жалынды жыршысы, адуынды ақыны болған. КСРО құрамындағы Қазақстанның әлеуметтік өміріндегі күрделі өзгерістерге деген өзінің көзқарасын елеңмен өріп, халық өмірін жырлап өтті. Жамбыл жырлары соғыс кезеңінде Отан қорғаушылар мен тыл еңбеккерлерін жігерлендіріп, жалынды шығармашылық мұрасы фашистік басқыншыларды жеңген халықтың ең үлкен ерлігінің ажырамас бөлігіне айналды.

Биыл Қазақстан ақынның 175 жылдық мерейтойын атап өтуде, яғни ақын Жамбыл Жабаевтың (1846–1945) туғанына 175 жыл толып отыр. Ол өз халқының тарихы,

өмірі мен дәстүрлерін жырлап, Құлмамбет, Сарбас, Досмағамбет, Тоқтоғұл сынды айтыскерлермен жыр сайысында ұлттық өнерімізге үн қосқан.

Халық өмірі, ұлтының бүгіні мен болашағы, бабалар ерлігі мен елінің тарихи даму кезеңдері ақын шығармашылығының өзегі болды. Қырғыз-қазақ айтыстары – туыс халықтар арасындағы рухани көпір болып, ұлттық мәдениетіміздің тасада қалған қалған кейбір қырларын ашты. Осылайша, Жамбыл Жабаев қазақ поэзиясының тарихына халықтар арасындағы достықтың жыршысы ретінде енді.

Қолыңыздағы авторлық бағдарлама Жамбылдың өмірін ғана емес, оның жарқын шығармашылық жолын қамтитын аса елеулі дәуірдің көрінісін сипаттайды. Бұл курс бағдарламасы арқылы шығармашылығы Қазақстанның ұлттық игілігінің ажырамас бөлігіне айналған ұлы ақынның өмір жолын 9-сынып оқушыларына таныстыру, шығармаларын, ақындық тұлғасын танытуды мақсат етіп отырмын.

Бағдарлама мазмұны 34 сағатқа негізделген тақырыптардан құралып, бір жыл мерзімге жоспарланған.

Бағдарламаның жаңашылдығы мен өзектілігі

Тарихтың жаңа кезеңінде – Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еліміз өткен тарихты қайта пайымдап, құндылықтарға деген көзқарасын қайта саралады. Бірақ Жамбылдың шығармашылығы тарих сынынан өтіп, көркем сөз шебері ретіндегі жыршылық тұлғасы өзгермей, халық ақыны ретінде сақталып қала беретінін уақыттың өзі көрсетіп берді. Оның шығармалары біз үшін ұлы ақынның дана сөзінде көрініс тапқан қазақ рухының қазынасы болып мәңгі қалады.

Біз жыр алыбы жырлаған тарих беттерін енді ғана ашудамыз. Жамбыл жыр арқылы ұлттың мәдени кодын: тілін, руханиятын, дәстүрін сақтауға ықпал етті. 2013

жылғы «Қазақстан–2050» стратегиясы атты Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы негізінде берік тірек тапты. Мұнда: «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Патшалықтың, төңкеріс дүмпуі мен тоталитаризмнің барлық ауыртпалығы мен қиыншылықтарына қарамастан, біздің еліміздің аумағында тұратын қазақтар және өзге де ұлт өкілдері өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтай алды. Тәуелсіздік жылдарында жаһандануға қарамастан, біздің мәдени іргетасымыз беки түсті.

Қазақстан – бірегей ел. Біздің қоғамда әртүрлі мәдени элементтер бір-бірімен біріккен және бірін-бірі толықтырып, бір-біріне нәр беріп тұрады. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығы мен ұлылығын жоғалтпай қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек» делінген.

Жамбыл – тұтас бір дәуірді қамтитын тарихтың беттері. Қазіргі кездегі білім беру бағдарламасы бойынша оның шығармаларының белгілі бір бөлігі ғана оқушылармен таныстырылады да, қалғандары тасада қалып қояды. Ал «Жамбыл Жабаев – ұлы дала ақыны» курсы арқылы Жамбылдың өмірлік, ақындық жолын тарих сабағымен сабақтастыра оқытып, жас үйренушілерге толық меңгертуге, оның шығармашылығындағы дәуір үні мен тынысын сезіндіруге, шығармаларының мән-маңызын түсінуге, талдауға үйретуге болады.

Авторлық бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бүгінгі күні тарихты ғасырлар мен қиялды тіреп тұрған ірі әлеуметтік экономикалық құрылымдар мен әлеуметтік жүйелерге талдау жасау арқылы зерттеп-

зерделемеген дұрыс. Тарих уақыттың рухын бейнелейтін тұлғалардың тағдыры арқылы әлдеқайда айқын анықталады және адамзатқа түсінікті бола түседі. Осы тұрғыдан алғанда, Жамбылдың өмір жолына шолу жасау – дәуірдің рухани өркениеттік портретін еркін немесе еріксіз жасауға бірегей мүмкіндік береді. Бір адамның шығармашылық өмірбаяны арқылы халықтың көпғасырлық тарихына үңілуге болады десек, ал шын мәнінде қазақ халқының бүкіл тарихын тануға Жамбыл Жабаяевтың өмір жолы мүмкіндік берді.

Біздің міндетіміз – көрнекті ақынның әлемді тану тәжірибесін түсіну. Оның домбырасын қалай баптағанын пайымдай отырып, бүкіл шығармашылық мұрасын тануға ұмтылу. Тек өмір құбылыстарын талқылап қана емес, оны тәжірибе ретінде өмірімізге енгізе білу қажеттігі туады.

Авторлық бағдарлама ақынның шығармаларымен жас ұрпақты сусындатуға, өлеңдерімен жастарды патриоттық сезімдерін ояту мен дамытуды, оқушыларды шығармашылық тұрғыдан шабыттандыру, эстетикалық талғамын арттыруға, өз тарихын әдеби шығармалар арқылы оқып-үйренуге, Жамбыл өлеңдері арқылы сол уақытты сезіндіруді мақсат ете жасалып, алдына мына міндеттерді қояды:

- тарихи фактілермен жұмыс жасауға үйрету;
- сөздік қорын байыту;
- ақын өлеңдерінің идеялық-тақырыптық мазмұнын ашу;
- ақынның бойындағы жақсы қасиеттерді жас ұрпаққа үлгі ету;
- оқушыларды жыр жаттау мен мәнерлеп оқуға жаттықтыру;
- ақынның өлеңдерін жеткілікті дәрежеде меңгерту;
- поэзиялық туындыларын талдауға үйрету;
- ақындыққа, шығармашылыққа баулу;

- Жамбыл шығармаларын жүйелі түрде меңгерту.

Бағдарламаны іске асыруға қатысатын сынып

«Жамбыл Жабаев – ұлы дала ақыны» орта білім беру мекемесі оқушыларының жас ерекшелігіне сай ықшамдалып, 9-сынып оқушыларына арнап жазылды.

Авторлық бағдарламаны іске асыру мерзімі

Бағдарлама 1 жылға жоспарланған. Аптасына 1 реттен жыл бойына 34 сағат өтуге жоспарланған.

Бағдарламаны іске асыру нысандары

Бағдарламада 19-20 ғасырдағы тарихи оқиғалар Жамбылдың өмірбаяны, жалынды жырлары негізінде оқытылады.

Күтілетін нәтижелер

«Жамбыл Жабаев – ұлы дала ақыны» курсын оқыту арқылы мына нәтижеге қол жеткізуге болады:

- білім алушылардың танымдық түсінігі кеңейеді;
- эстетикалық талғамы артады;
- Жамбылдың ақындық тұлғасын, тарих пен әдебиеттегі орнын түсінеді;
- жырларын жаттау арқылы есте сақтау қабілеттері артады;
- тілдері көркем сөзге, әдеби сөйлеуге жаттығады;
- шығармаларын мазмұндық-идеялық тұрғыдан талдау арқылы ойлауға, талдауға, саралауға жаттығады.

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ

I бөлім. Жамбылдың балалық шағы мен өскен ортасы

1. Кіріспе

Жамбыл Жабаев шығармалары мен оны оқытудың маңызы. Жамбылдың әлем әдебиетіндегі алатын орны.

2. Даланың дара тұлғасы

Жамбылдың дүниеге келуі.

3. Тау тұлғалы есім

Жамбыл дүниеге келгендегі қиын-қыстау кезеңдер сипаты.

4. Тектілік пен тағылым

Жамбыл өмірге келген кездегі руаралық қатынас пен шежірелерге шолу.

5. Қилы заман

Жамбылдың балалық шағы.

6. Баталы ер арымас

Жамбылдың ақындық қабілеті мен мінезінің қалыптасуы. Алғаш домбыраны қолға алуы. «Ақын болдым он үште» өлеңі.

7. Буырқанған дәуір

Жамбылдың жастық шағындағы саяси қақтығыстар мен төңкерістердің оның шығармашылығына ықпалы. «Сұраншы батыр» поэмасының тууы жайлы.

8. Менің пірім – Сүйінбай

Жамбылдың Сүйінбайды тәнті етіп, оның батасын алуы. «Менің пірім - Сүйінбай» өлеңі.

9. Көшпелі әлем байыбы

XIX ғасырдағы қазақтың көшпелі қоғамы

10. Сарыбай бидің асыл сөзі

Сарыбайдың бидің Жамбыл үшін алатын орны. «Сарыбайға» өлеңі

11. Қыздың жаны – жанары

Жамбылдың махаббат әлемі: Бұрым сұлу мен Сара бикеш
Жамбылдың Айкүміспен айтысы

II бөлім. Жамбылдың шығармашылығы: өлеңмен өрілген өмір

12. Өлеңнің өміршең өрісі

Жамбылдың ел аралап, ақын болуы

13. Серілік пен ірілік

«Сары ақынмен қағысу», «Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы»

14. Әділдіктің ақ жолымен...

Жамбылдың әділдікті арқау еткен шығармалары. «Сәт сайланарда», «Мәмбетке» өлеңдері

15. Ортақ тағдырдың жалынды жырлары

Жамбылдың қырғыз еліне қонаққа баруы. «Сыздық сұлтанға» өлеңі.

16. Өлеңнің телғаралары: Жамбыл мен Абай шығармаларындағы үндестік

Абай мен Жамбыл ақынның шығармашылық байланысы.

17. Ақынның жиһангерлік жолында

Жамбылдың ел аралауы. «Мәңке туралы», «Жамбыл мен Досмағанбет»

18. Діл намысы

Жамбылдың қырғыз ақынымен кездесуі. «Тоқтағұл» өлеңі

19. Жұрт жұмылғанда

Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы. 1916 жылғы ұлт азаттық қозғалыс. «Әділдік керек халыққа», «Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды» өлеңдері

III бөлім. Жамбыл – жаңа өмір жаршысы

20. Өлеңнің өршіл тынысы

Көтерілістен кейінгі қазақ халқының жағдайы. «Октябрь толғауы», «Халықтар достастығы» өлеңі.

21. Ақиқат жолындағы арпалыс

«Замана ағымы», «Ақиқат жолында», «Жастар алдындағы сөз» өлеңдері.

22. Бақ жанған сәт

Жамбылдың халық арасында жоғары беделге ие болуы жайлы.

23. Шыңырау шетінен шыққан шер

«Ұлы заң», «Мамыр» өлеңдері.

24. Өлең жыры, өмір жыры таусылмас

Жамбыл Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жиһанкез» поэмасының 750 жылдығын мерекелеу кешінде. «Шота ақынға» өлеңі.

25. «Үлкен уақыт» ағымындағы ақынның жылдары

Жамбылдың 75 жылдық мерейтойын атап өту кезі.

26. Дерек пен дәйек сөйлесе: ақын күндерінің хронографиясы 1930 жылдардың аяғындағы

Жамбылдың өмірі туралы тағы бір дереккөз – Жамбылдың әдеби хатшысы Ғали Ормановтың күнделігінен үзінді.

27. Қара нардың қатерлі жүгі

Жамбылдың сырқаттанған шағы. «Кәрілік» өлеңі.

28. «Ленинградтық өренім!»

Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында. «Ленинградтық өренім!», «Жауға оқ», «Отан әмірі» өлеңдері

29. Жалынды жырларымен жеңіске жетелеген ақын

«Мәскеуге», «Балама хат», «Алғадай туралы ойлар» өлеңдері.

- 30. Жамбыл өлеңдері бойынша жыр мүшәйрасы**
- 31. Жамбыл шығармаларын қорытындылауға арналған тест тапсырмалары**
- 32. Қорытынды сабақ**

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
Жылына – 34 сағат
Аптасына – 1 сағат

№	Тақырыптар атауы	Сағат саны	Мерзімі
I бөлім. Жамбылдың балалық шағы мен өскен ортасы			
1	Кіріспе	1	
2	Даланың дара тұлғасы	1	
3	Тау тұлғалы есім	1	
4	Тектілік пен тағылым	1	
5	Қилы заман	1	
6	Баталы ер арымас	1	
7	Буырқанған дәуір	1	
8	Менің пірім – Сүйінбай	1	
9	Көшпелі әлем байыбы	1	
10	Сарыбай бидің асыл сөзі	1	
11	Қыздың жаны – жанары	1	
II бөлім. Жамбылдың шығармашылығы: өлеңмен өрілген өмір			
12	Өлеңнің өміршең өрісі	1	
13	Серілік пен ірілік	1	
14	Әділдіктің ақ жолымен...	1	
15	Ортақ тағдырдың жалынды жырлары	1	
16	Өлеңнің телғаралары: Жамбыл мен Абай шығармаларындағы үндестік	1	
17	Ақынның жиһангерлік жолында	1	
18	Діл намысы	1	
19	Жұрт жұмылғанда	1	
III бөлім. Жамбыл – жаңа өмір жаршысы			
20	Өлеңнің өршіл тынысы	1	

21	Ақиқат жолындағы арпалыс	1	
22	Бақ жанған сәт	1	
23	Шыңырау шетінен шыққан шер	1	
24	Өлең жыры, өмір жыры таусылмас	1	
25	«Үлкен уақыт» ағымындағы ақынның жылдары	1	
26	Дерек пен дәйек сөйлесе: ақын күндерінің хронографиясы	2	
27	Қара нардың қатерлі жүгі	1	
28	«Ленинградтық өренім!»	1	
29	Жалынды жырларымен жеңіске жетелеген ақын	2	
30	Жамбыл өлеңдері бойынша мүшәйра	1	
31	Жамбыл шығармаларын қорытындылауға арналған тест тапсырмалары	1	
32	Қорытынды сабақ	1	
	Барлығы	34 сағат	

Курс бағдарламасы бойынша материалдар жинағы

ТАУ ТҰЛҒАЛЫ ЕСІМ

Жабайдың ұлы Жамбыл 1846 жылы 16 ақпанда (ескі жыл санау бойынша 28 ақпанда) Шу өзенінің жанындағы Жамбыл тауының маңында дүниеге келген. Қазір бұл өңір – Қазақстанның Жамбыл облысындағы Мойынқұм жерінде. Оның үстіне болашақ ақын қыстаудағы ауылда емес, атасы Ыстыбайдың ауылы жаулардың кезекті шабуылынан қашып, қоныс аударған кезде дүниеге келген.

Сол дәуірде Жетісудың батыс бөлігі – Жамбыл туыстары тұрған Тянь-Шань мен Балқаш көлі арасындағы кең кеңістік: Оңтүстік Қазақстан, қазіргі Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Шығыс Түркістан аумағы Қоқан хандығының билігінде еді. Әсіресе, 1844–1875 жылдары қысқа үзілістермен Қоқанды үш рет басқарған Құдияр хан (1832–1886) көшпелі қоғам үшін ерекше есте қалды. Мүмкін, ол аймақтың басқа билеушілерінен қатыгездігімен ерекшеленбеген де шығар, бірақ ол билік үшін күресте тайпалас түркілерге көп шабуыл жасады. Ханның өзі Жетісудан алыс болса да, дәл осы жерде орнаған заңсыздықтар көшпелі халықтың онсыз да қиын өмірін одан әрі күрделендіре түсті.

Қоқан хандығындағы өмір тынысының Ферғана алқабынан ерекшелігі қазақтардың көшпелі өмірі табиғаттың қиын жағдайларымен, әсіресе, қыстағы аяз бен қарлы бораннан туындайтын қиындықтармен байланысты болды.

Көшпелілер тіршіліктің негізгі көзі – төрт түлігінен айырылып кедейлікке ұшырап, аштыққа тап болды. Шапқыншылықтардан қатты зардап шеккен, толығымен әлсіреген Жетісу халқы үшін тонаудан қалған мүлікті сақтап қалуда бір жерден екінші жерге көшуден басқа амал

болмады. Қазақтар ең қысыл-таяң жағдайларда да шұғыл шешім қабылдай алды. Мәселен, дала өмірінде, кезекті көште әйелді босандыру керек болса да, әбігерге салынбастан ұрпақ жалғастығын сақтап қала алды. Жамбыл төл тарихын осындай жағдайда қайта жаңғыртты.

Байғара, Хан, Жамбыл, Шағырлы таулары Шу өзеніне жақын созылып жатыр. Осы жерде Шапыраштының Екей руынан тараған Ыстыбай ауылы қыстаған. Әдетте бұл ата жаз мезгілін Құлансаз және Суықтөбе жайлауларында салқын жерде өткізетін, ал қыста таудың алқабын паналайтын. Көшбасы аяғы ауыр Ұлданды толғақ қысқанын естігенде көшті тоқтатады. Түйелерді тез арада қоршай тұрғызып, тең-жүктерін түсіріп, шеңбер жасап қоршап, үстін киізбен жабады.

Жаңа туған нәрестенің атасы Ыстыбай жиналған туыстарына: «Біздің Шапырашты әдетте көшкенде екі жерде тоқтайтыны мәлім. Жазда Құлансазда, ал қыста Хан мен Жамбыл шатқалдарынан пана іздейміз. Таулар бізді қорғайды, олардың қойнауы жүрегімізді жылытады. Бұл – қасиетті таулар. Жаңа туған нәресте Жамбыл тауы сияқты биік, біздің сенімді қорғаушымыз болсын. Дауылда туған адам дауылдан қорықпайды. Бұл сәби бақыт әкеліп, қуаныш сыйлайды. Немеремнің есімі Жамбыл деген екен. Осылайша, салтты сақтай отырып, қария нәрестенің құлағына үш рет азан шақырып Жамбыл деп атын қояды. Ыстыбай есім таңдаудың, балаға ат қоюдың қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінді, өз немересін тау атымен атады. Дәстүрлі көшпелі қоғамда есім әрқашан символ, белгі, бірегей код ретінде аса үлкен маңызға ие. Тау шыңы «жамбыға» ұқсас еді, яғни, алтын құйма немесе бағалы металдың бүтін бір бөлігі, сирек кездесетін тас пішінін еске салатын. Ақын, Жамбылдың әдеби хатшысы Тайыр Жароков (1908–1965) 1937 жылы Мәскеуге бара жатқан пойыздағы жыршының әңгімесінен былай деп жазады:

«Мен Шу өзенінің жанында, Жамбы тауының етегінде дүниеге келдім. Бұл тау осылай аталды, өйткені оның шыңы «жамбы» – алтын немесе күміс құймасына ұқсас болды.

Ежелгі уақытта жамбалар сыйлы қонақтарға немесе бәйгеде жеңіске жеткен сәйгүлікке, не қарсыласын жеңген балуанға және айтыста жеңімпаз атанған ақынға сый ретінде берілген. Осы таудың атымен ата-анам мені Жамбыл деп атаған».

Осылайша, «жартастың жүрегінен ойып қойған» есім пайда болды. Жамбы – бағалы металдың тұтас бір бөлігі секілді мығым және қайратты есім иесінің еркіндікті сүйетін, тәуелсіз және батыл сипатын анықтап тұрды. Кейін Жамбыл есімі атақты ақынның құрметіне тек жаңа туған нәрестелерге ғана емес, көшелерге, ауылдар мен қалаларға да берілді. Бірақ бұл үрдіс кейінірек болды. Сәбиді босандырып, бауырына басқаннан кейін көп ұзамай көш өздері бет алған қыстауға қарайғы жолын жалғастырды. Ұлдан түйеге мініп, жаңа туған нәрестені қолында ұстап отырды.

Иә, қыстауға көшу оңай іс болмады. Алайда көш қыстауға жету үшін бар күшін салды, діттеген жеріне жете сала тез арада тұрмыстарын жайғастырып, жаңа туған нәрестені анасымен орнықтырады. Олар тұрғын үйлерін жылытып, ошаққа от жағып, ас-ауқаттың қамына кірісті.

Ауыр жолға қарамастан, өз жерінде өздерін бақытты сезініп, қуанышқа бөленді. Басқаша қалай болсын? Көздеген жеріне жетіп, орныққан Екейдің тағы бір ұрпағы дүние есігін ашты. Сәби ата-бабалары ғасырлар бойы салған сара жолда өз руының жерінде дүниеге келді. Бұл өлкенің әрбір тұрғынына барлық аңғарлары мен тау шыңдары жақсы таныс әрі тым ыстық еді. Жамбыл тау жоталарының бірінен дала кеңістігіне көз тастай отырып,

шәкірті әрі ақын Кенен Әзірбаевқа (1884–1976) Құлансаз жайлауы туралы өз танымын жеткізеді:

«Анау тұрған Құмбел мұзды төмен қарай қатпарлай созылып жатқан Қарақия баурайында біздің ауыл бірнеше рет тұрақ құрған. Одан батысқа қарай Шетенді жотасы созылып жатыр, ол – біздің қырғыздармен шекарамыз. Қарақия шеті Қарақастек өзенінің иірімімен шектесіп жатыр. Осы шектеудің оң жағынан біздің жаққа қарай Қарабастау, Құлансаз, Көктұма, Желдісай тізбектері орналасқан. Тау тізбегі Майтөбе елді мекенімен аяқталады. Байлаулы қозылар тәрізді жоталар мен барқыт қатпарлар арасында әрдайым салқын самал жел соғып тұрады. Шайдай ашық аспан кенеттен бұлттанып, жаңбыр себелеуі мүмкін. Табиғат шіркін, тым құбылмалы ғой...

Бұл өңірдің жайқалған алқаптары мен гүлденген аңғарлары негізінен байлардың тұрағы болды. Көкжиектен Қарағайлы шатқалы – Шалтабай жері көрінеді. Майтөбе шатқалы – Жылқыбай тұрағы. Ол жиырма тоғызыншы жылы ғана бос қалды». Оның естеліктері туған жерге деген ыстық махаббатқа толы. Жамбылдың өскен өлкесіне жасаған бұл шолуындағы естеліктері өмір бойы өлеңмен жырлаған туған жері туралы асқан сүйіспеншілікке толы. Иә, батыста Құлансаз Майтөбемен шектесіп, одан әрі Суықтөбеге жалғасады. Ал Суықтөбе Алатау сілемінің бір бөлігі ретінде Қордай тау сілеміне қосылады. Бірақ Жамбылдың көзқарасы өзгеше, танымы тым кең болатын, ол қазақ жерінің шегі мен қазақ тарихының таңғажайып тереңдігін жүрегімен сезіп, жан дүниесімен ұғынды.

«Қазақтың Исатай мен Махамбет, Саурық пен Сұраншы сынды батырлары халықтың ғасырлық бақытын ұрлағандарға қарсы көтерілді. Халықтың жүректен шыққан қошеметі батырлар үшін қару болып, әндері ту болып тігілді», – деді Жамбыл 1940 жылы «Мәскеу» қонақ үйінде КСРО Жазушылар Одағының пленумына келген

қонақтармен кездесуде сөйлеген сөзінде («Өмірдің тууы»). Поэтикалық түрде мағынасын кеңейтті. Жамбыл жаңа заман әкелген өзгерістер туралы көп өлең жазды. Оның балалық шағы ауыр еңбек пен түрлі қиын кезеңдермен жадында сақталды. Отбасындағы еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін еңбек еткен. Сол жылдар бір аймақ үшін ғана емес, бүкіл қазақ халқы үшін қиын болды. XIX ғасырдың бірінші жартысында 1822 жылы қабылданған «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» негізінде басталған үрдіс – көшпелі қоғамдағы басқару құрылымының түбегейлі қайта құрылуымен аяқталды. Ол, ең алдымен, Ресей өкіметінің ықпалына қайтымсыз кірген Орта жүз қазақтарына қатысты болды. Патша үкіметі Орта жүздегі дәстүрлі мемлекеттілікті жойып, хан атағын «мүлдем артық» деп шешті. Шыңғыс сұлтандары, оның ішінде Абылай ханның ұрпақтары далада құрылған округтік бұйрықтарға қарсы наразылық білдірді. Жергілікті халықтың казактармен қақтығысы сұлтан Саржан Қасымовтың (1825–1836) басшылығымен көтеріліске ұласты. Кіші жүзде Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов басшылығымен (1833–1837) көтеріліс басталды. Ақырында, Кенесары Қасымов – хан Кене бастаған көтеріліс қазақтардың барлығын осы үрдіске жұмылдырды.

Ол уақытта Ұлы жүз қазақтары Қоқан билігінде қалған. Дегенмен, көшпенді халықтың Қоқан хандығы сияқты отырықшы-егіншілікпен айналысатын мемлекетке бағынуы қайшылық болды. Қоқан хандығы алғашында Мавереннахрда өзбек Минг (Миң) тайпасының аз ғана бөлігі ретінде пайда болды, кейіннен XVIII ғасырдың аяғында бүкіл Ферғана алқабын өз қол астына біріктірді. Ал 1809 жылы қазақ ақсүйектері басқарған Ташкентті басып алғаннан кейін Қоқан ханы Әлімбек қазақ даласының оңтүстігін жаулап алып, қалалар мен ауылдарды талқандап, бейбіт тұрғындарды өлтіре бастады.

Қоқан ханының қол астында Ұлы жүздің қазақ руларының көпшілігі, соның ішінде Жамбылдың тікелей туыстары – Шапыраштының Екейі де болды. Бірақ даланың шеткері аймақтарындағы Қоқан билігі әлі де тұрақсыз еді. Билікке наразы көшпелі қазақтар жасақ жиып, қанаушыларға тойтарыс берді. Қақтығыстар нақты соғыс қимылдарына ұласты. Түркістан, Шымкент, Әулие Ата (қазіргі Тараз, бұрынғы Жамбыл) қалаларын қамтыған Тентек төре бастаған 1821 жылғы көтеріліс соның бір көрінісі болды. Көтеріліске қатысушылар Сайрам бекінісін базалық лагерьге айналдырды. Он мыңнан астам адам қатысқан көтеріліс Қоқан тарапынан аяусыз басылған. Құдияр хан тұсында Жетісудағы қазақтар ең ауыр қыспақты бастан өткерді. Еркектер өз отбасын қоқандықтардан қорғау үшін стихиялы отрядтар құрды. Күштер тең емес еді, қоқандықтарда кремний мылтықтары, бекіністерінде зеңбіректер болды. Қазақтар найза, қылыш, сойыл сынды жауынгерлік жарақтарды қолданған.

1841 жылдың қыркүйегінде өткен құрылтайда үш жүз қазақтарына ықпалды сұлтандар мен билер Ұлытауда Кенесары Қасымұлын бүкіл қазақ жерінің ханы етіп сайлап, біраз уақытқа дәстүрлі қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіргенде ғана жағдай біршама өзгерген.

Ежелгі Ұлытау жері көшпелі тайпалар хандарының сүйікті мекені және қазақтың алтын бесігі болып саналады. Дәл осы жерде ұлы тұлғалар таққа ұсынылып, маңызды шешімдер қабылданды. Қазақтың соңғы ханы – Кенесарыны ақ киізге көтеру рәсімі де Ұлытауда өтті. Үш жүздің қолдауына ие болып, рухтанған Кенехан (халық арасында оны осылай аталған) қалың қолмен Ұлы жүз аумағына аяқ басты. Шын мәнінде, бұл Қоқан хандығына соғыс жариялаудың алғышарты болды. Бірқатар жеңілістерден соң Қоқан ханы Кенесарымен одақтасуға ұсыныс жасады. Бірақ Кене хан бұл ұсыныстан бас тартып,

қазаққа тиесілі барлық аумақтың қайтарылуын талап етті. Ол Қоқан билеушілерін 1836 жылы ағасы Саржанды опасыздықпен өлтіргенін, 1840 жылы ағалары – Есенгелді, Алжан сұлтандарды және Абылай ханның бірнеше ұрпағын өлтіргенін кешіре алмады.

Қоқан бекіністерін басып алғаннан кейін халық арасында Кенесары ханның беделі артты. Оның әскеріне Ұлы жүздің қазақтары қосылды. Олардың арасында Шапырашты жұрты да болды, соның ішінде Жамбылдың атасы, Екей руының ақсақалы тәкаппар әрі батыл Ыстыбай бар еді. Оның ұлы Жабай асқан байлығымен мақтана алмады, бірақ еңбекқор болды. Бір кездері Әшекбайдың жас жігіттер жасағын да басқарған. Ол қысқа бойлы, бірақ мықты, атқа мінуде керемет қабілетімен, шебер найзаласуымен ерекшеленген. Ол досына адал, жауына қатал жан еді. Болашақ ақынның әкесі түрлі даудамайларды, жер дауларын, ұрланған малға қатысты істерге билік айтқан. Дауласқан тараптар тура сөзіне тоқтап, бітімге келген. Осы қасиеттерін естіп-білген Ұлы жүздің әулетті Дулат тайпасының құрамына кіретін Жаныс руының ауқатты және ықпалды адамы Әшекбай Жабайға назар аударды. Жаныс ауылдары ежелден Қаскелең, Шу, Талас, Ұзынағаш өзендерінің бойында қоныс тепкен. Сәйкесінше, көшпелі жолдар Екей руының да бағыттарымен қиылысқан. Әшекбай Жабайды өзіне жақындатып, жігіт-малшыларды басқаруға қойған. Оған қоса, Жабайдың әйелі Ұлдан Орымбетқызының сол Жаныс руынан шыққандығы да шешімге оң ықпал етсе керек. Көшпелі қоғамдағы туыстық қатынастар көбінесе мүліктік және іскерлік қатынастармен айқындалған. Екей руының жас, бірақ аса құрметті биі Сарыбайдың кеңесі бойынша Ыстыбай Қарғалы өзенінен Екей руының байырғы жерлеріне көшу туралы шешім қабылдады. Екейлер көп уақыт руаралық араздық үшін осы жерлерді иелене алмай

келген-ді. Енді Ыстыбай қоқандықтар мен орыс әскерлері мұндай алыс жерлерге көз тікпес деп үміттенді. Алайда, оның үміті көп ұзамай үзілді. Кенесары көтерілісіне алаңдаған І Николай патша 1843 жылдың маусым айында бүлікші ханға қарсы ауқымды әскери жорыққа санкция береді. Келесі үш жыл ішінде Кенесары жасақтарының патша әскерлерімен қақтығыстары негізінен Орта жүз аумағында өтті. Осы жағдайды пайдаланған, Қоқан ханы Құдияр қарақшылары Жетісуға оралып, ауылдарды одан бетер тонауға кірісті.

Қыста Жабай басқа жас жігіттер сияқты аң аулауға шығатын. Аңшылықтағы олжасы арқылы отбасылық ауыртпалықты азды-көпті жеңілдете алды. Тауешкі еті онсызда аз қалған малды үнемдеу үшін аса қажет еді. Аң терілері аяқ киім мен тон-ішік тігуге жұмсалды. Ақпан айында Жабай аң аулауға кете сала, көрші ауылдан қоқандықтардың шабуылы туралы хабар жетеді. Екейлер қыстауының ізін тапқан шапқыншылар енді көздегеніне жетпей қоймас еді. Мұны түсінген Ыстыбай туыстарын тездетіп қоныс аударуға дайындауды бұйырады. Қыстауға жету үшін қар басқан даладағы қиын соқпақ жол мен Хан-Жамбыл тауларының ойпаттарындағы өте ауыр сапар күтіп тұрды. Көш басында мал, соңынан жүк тиелген түйелерге жас балалар мен кемпір-әйелдер жайғасты. Олардың артынан қалғандары ерді.

Келесі күні түнге қарай көш Жамбыл тауы маңынан өтіп бара жатқанда, Ұлданды толғақ қысты. Осындай қиын сапарда таудың етегіне уақытша тізілген қарша үйде, түн ортасында Жамбыл сәби дүниеге келді. Айнала қоршаған жартас жүрегіне осы есім ойылып жазылды. Нәрестенің анасы өткір жанарлы сұлу әйел еді. Оның әдемі жүзі бал-бұл жайнап тұратын. Толықша беті, сәл көтеріңкі мұрны туыстарына Жамбылдың анасына ұқсаған деген пікірлеріне себеп болып тұрды. Ұлдан туралығымен және

адалдығымен ерекшеленетін. Аз сөйлейтін, бірақ турасын айтатын. Ауыл-аймақтағы басқа әйелдер арасында беделді еді. Ол Құдай сыйлаған әдемі даусымен жұртты таңқалдырып, жиын-тойда керемет ән шырқайтын. Бірақ ол әншілік қабілетін өнер деп санамаған. Әрине, шынайы шеберлік пен талғампаздық бала Жамбылдың бойына сіңген еді.

ТЕК ПЕН ТЕР ҚАСИЕТИ

Жамбыл – таңғаларлық тағдыр иесі: оның мәні жүз жылға жуық өмірінде ғана емес, нағыз ашық қоғам мен дала мәдениетінде ұштасқан, ғұмыр жолы кешегі мен бүгіннің және болашақтың тоғысқан тұсы секілді. Қысқа кезеңде өмір сүрген өзге адам үшін өмірінің соңында басынан өткен қиындықтары мен сәтсіздіктері үшін өкініп, Жаратқаннан үміт күтсе, дала мәдениетінің тоғысында, катал тағдыр сынында тәрбиеленген ғасыр жасаған киелі тұлға деуге келетін құбылыс екені рас.

Сонымен қатар Жамбылдың өмір сүрген уақыты түрлі оқиғалардың, қиын кезеңдер мен қуанышты күндердің ұштасқан дәуірі болды. Әр кезең ақынның жадында сақталып, дүниетанымына ықпал етті. Ақын бірнеше тарихи дәуірлерді көрді, қазақ даласында әлсін-әлсін өршіп тұрған аймақтық қақтығыстарды есептемегенде ұлы үш революция мен екі дүниежүзілік соғыстың куәсі болды. Жыршының таланты оған шығармашылықта ұлттық болмыстың траекториясын ғана емес, сонымен бірге менталдық формалар мен жалпы әлемдік тәртіпті өзгертуге мүмкіндік берген. Алайда балалық шағындағы қиыншылықтар мен ел басына түскен ауыртпашылықтар оған жанама түрде әсер етті. Оны бала Жамбылдың барлық

дәстүрлер мен берекелі отбасылық қатынастар сақталып өскен ортасының ерекшелігімен түсіндіруге болады.

Ол ата-анасының мейірімімен қоса ертегілер, әңгімелер, аңыздар мен ата-бабаларының ерлік істері туралы батырлық жырларға сусындап өскен. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы бала тәрбиесінде ата-тегін (шежіре) тану, бабалар жолымен тәрбиелеу аса маңызды болған. Жамбыл бала кезінен тарихты толық қамтитын танымға құштар боп өсті.

Қазақ шежіресін, жеті атасын білудің маңызын жете түсінді. Әлеуметтік мәдени регламентте шежіре – тек генеалогиялық шежіре ғана емес, әлеуметтік құрылымның барлық бөліктері мен деңгейлерін тұтастай байланыстыратын дәстүрлі қазақ қоғамының қаңқасы еді.

Шежіре – тек бір рудың немесе тек бір ұлттың ғана емес, бүкіл түркі әлемінің тарихы екенін ескеру қажет. Өткен ғасырларда шежірені білу – бүгінгі төлқұжат сынды құқыққа ие еді. Ең бастысы, шежірелер (қазақтарда да, жалпы әлемдегі ежелгі және ортағасырлық қоғамдарда) тарихи құжаттар рөлін атқарған.

Рулық шежіре дәстүрлі қазақ отбасында мәдениеттің бөлігі ретінде қарастырылды. Жамбыл Шапыраштының аса беделге ие бола қоймаған Екей сүйегінен шыққан. Екей тарих толқынында өсіп өрістеді, талай талантты тұлғаны шығарды. Осы тұста ескеретін бір жәйт бар: дәстүрлі қазақ қоғамында және жалпы түркі көшпелі тарихында рулар елеулі және елеусіз болып түбегейлі бөлінген емес.

Эксплицитті сапаны Жамбыл берді деп санауға болады. Егер Жамбылдан кейін генеалогиялық шежіренің тереңдігі мен маңыздылығы туралы айтатын болсақ, Шапырашты, Ысты, Ошақты, Сары Үйсін, Албан, Суан, Дулат – жеті ата бірлігінің негізін қалаушы Бәйдібек би Әмір Темірдің кеңесшісі және атақты Майқы бидің

шөбересі, Шыңғысханның серігі болған. Бұл рулар Ұлы жүз қазақтарының негізін қалады.

Киелі рулық тұғырнаманың ғылыми негіздемесі бар, оны XIX ғасырдың ортасындағы Шоқан Уәлиханов нақты тұжырымдаған. Оның мәліметі бойынша, Шапырашты руының аты аңызға айналған негізін қалаушы (дәстүр бойынша, көшпелі қоғамдағы тайпалар мен рулар көбінесе ата-бабаларының, ру басшыларының атымен аталған) Майқы бидің ұрпағы Ысты мен Ошақтың ата-бабаларының шын мәнінде басқа үлкен ағасы болған. Сондықтан, ақынның он бесінші буындағы атасы Бәйдібектен

Жамбыл руының шежіресін сенімді түрде таратуға болады. Ұлы жүздің батыры, биі Бәйдібектің үш әйелі болған деседі.

Үлкен әйелі Сара (қазақша – бәйбіше) Қалша мен Жақып атты ұлдарды дүниеге әкелген.

Екінші әйелі – Зеріп (хош иісті майлар мен әдемі киімді жақсы көрген өте сұлу, талғампаз және сүйкімді әйел болған деседі), Жалмамбет атты ұл туған. Ол – Мапыраштының әкесі, Шапыраштының атасы Жалмамбеттің екінші әйелі Қарашаштан Ысты мен Ошақты туды делінеді шежіреде.

Бәйдібектің үшінші әйелі Нұриладан (Домалақ) Жарықшақ атты ұлды туады. Одан Ұлы жүздің тағы үш ірі руы (елі) – Албан, Суан, Дулат тарайды. Жамбыл Сарбаспен айтысқанда Ұлы жүздің киелі шежіре тармақтарын және ілеспе тарихи оқиғаларын толық сипаттап, сол арқылы тамаша ақындық эрудициясын көрсете отырып, үлкен анасы Домалақтың ізгілігі мен қасиеттілігін айтып береді.

Ақын көбінесе халық арасында танымал әндерді шырқап, жаңасын эпсәтте шығаратын өнерпаз ретінде де қабылданады. Бірақ іс жүзінде оның қызметі, біріншіден, әртүрлі рәсімдерге қатысуымен сипатталады. Шілдехана

мен торқалы той, топырақты өлімде ақынның қадірі артып, халық көңіл-күйінің жырсына айналған.

Үйлену тойларында жас жұбайлар мен олардың туыстарын мадақтады. Екіншіден, ол айтысқа – поэзиялық сайысқа қатысқан. Бұл оны басқа орындаушылардан ерекшелеп, ақын деп атауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, аңыз-эпсана жазып қалдырған үздік ақындар тарихи энциклопедия ретінде тек өз руының шежіресін ғана емес, сонымен қатар жақын рулардың шежіресін де дәлме-дәл жаңғыртқан. Сонымен қатар ең дарындылары маңызды аңыздар мен жырларды насихаттап, эпостардың тарихи деректерін еркін ой елегінен өткізіп, есімдер мен оқиғалардың легін, өткен дәуірлердегі ата-бабалардың ерліктерін қалың қауымға жеткізіп отырған.

Халық арасында Жамбылдың түп-түқияны мен олардан тарағандар туралы ауызша тарих пен генеалогиялық аңыздар сақталған. Шапыраштының үлкен ұлы – Айқым, екінші ұлы – Есқожа, олардың үш інісі – Еміл, Екей, Шыбыл.

XIX ғасырдың соңында орыс тарихшысы Николай Аристов Шапыраштының 5 ұрпағын (туыс тармағын) хатқа түсірді. Кейінірек Шапырашты руының үш негізгі атаға бөлінуі тіркелді: Малды-ыстық (Екей, Еміл, Есқожа рулары), Желді-ыстық (Шыбыл, Асыл, Әжіке рулары), Қылды-ыстық (Қайдауыл, Қалқаман болып бөлінетін Айқым рулары). XIX ғасырдың аяғындағы құжаттарға сәйкес, Верный уезін мекендеген Шапырашты ұрпағы 7000 үйден тұрды. Бұл ретте Н. Аристовтың деректері бойынша Екей руы негізінен Ұзынағаш және Шамалған болыстарын, Есқожа руы Ұзынағаш, Қастек, Самсы өзендерінің бойын, Шыбыл руы Күрті болысын, Асыл руы Қаскелең, Кіші, Үлкен Алматы өзендерінің аумағын, Айқым руы Қарғалы болысын жайлаған. Екейдің үлкен әйелінен Жәрімбет пен

Бәйімбет дүниеге келді. Екейдің кіші әйелі Алтынай оған Әнет пен Шиет деген ұлдар туып берді. Екей руы ежелден таланттарға бай, ақындармен, жыршылармен, әншілермен танымал болған.

Жәрімбет батырдың үлкен әйелінен Бертіс пен Ақтөбет, кіші әйелінен Әжібай мен Әлти дүниеге келді. Әжібайдың ұлы Қосай тек батырлығымен ғана емес, көрнекті шешендігімен де көбірек танымал болды. Сөз тартыстарда немесе әңгімеде әрқашан дұрыс сөз тауып айтатын. Ұлы атасының тапқырлығы туралы

Жамбыл да еске алып, батыр Қосайдың Жиреншедей шешендігін тілге тиек етеді. Әлтидің ұрпақтары ішінде ұлы Күсеп өнерлі ақын және қобызшы болған деседі. Күсептен атақты ақын, Жамбылдың ұстазы Сүйінбайдың әкесі Арон дүниеге келді.

Бертестен Өтеп, Өтегүл, Солағай, Қадыршық, Төкеш туады. Өтеп – Жамбылдың жетінші буындағы атасы, Сопақтың әкесі. Сопақтың ұлдары – Сәдібек пен Таңатар. Сәдібек атақты ру билеушісі болған. Ұлдары: Байтөбет, Алтыбай, Жетібай, Толыбай, Ырысбай. Бәйтөбеттің үлкен әйелі оған Бұғы, Марал, Бәйіт атты ұлдар туады. Бұғының төрт ұлы болды: Кененбай, Байбосын, Деңгелбай, Теңселбай. Барлығы – өнерлі әншілер, домбырашылар, балуандар. Маралдың Мейірман, Сәтбай, Мырзалы, Шопа атты ұлдары болған. Бәйіттің ұлдары – Халық, Әлтай, Ыдырыс. Шопадан басқасының барлығы қарапайым еңбекқор жан ретінде танымал.

Шопаның шебер найзагер батыр деген аты шыққан. Ал Байтөбеден Ыстыбай, одан Қазыбай, Жабай, Жадыр туған. Жамбылдың ата-анасы Жабай мен Ұлданның үш ұлы болды: Тәйті, Жамбыл, Қоман. Жалпы Жамбыл шежіресі осындай. Оның үлкен ағасы Тәйті терең діндар болған, Меккеге екі рет қажылыққа барып, ақыл-парасаты мен ой тазалығымен ерекшеленген. Тарихшы Еркеш Мәмидың

айтуынша, Меккеде Тәйті Абайдың әкесі Құнанбаймен кездескен. Бірінші ұлының есімін Абай деп қойыпты. Өкінішке қарай, ол бала сегіз жасында аурудан қайтыпты. Тәйтiнiң екiншi ұлы – Сатыш.

Жамбыл бала кезiнде Тәйтiден басқа ешкiмге бағынбаған, сондықтан да тәуелсiз, тiлi өткiр бала болып өскен. Алайда, туыстары оның тентектiгiн байқаса да, өте ақылды және зерек екенiн атап өтедi. Тәйтi оның айла-амалдарын өткiр сөзбен тоқтатқан кезде Жамбыл табан астында ұтқыр сөз тауып, ересектердi састырады екен. Үлкен ағасы кiшi бауырына үлкен құрметпен қарапты.

Сондықтан қажы Тәйтi екiншi рет Меккеге кеткенде Сатышты Жамбылға қамқорлыққа қалдырғаны таңқаларлық жайт емес. Ағасының бұл тапсырмасын ақын шын мәнiсiнде өмiр бойы орындап, Тәйтiнiң ұрпағына қамқорлық көрсетiп отырған. Бұл туралы үрiм-бұтағы мақтанышпен және ризашылықпен айтатын. Сатыштың әйелi Жамбылдың шаруасына үнемі көмектесiп тұратын. Оның есiмi – Сара бәйбiше. Жамбылдың iнiсi Қоман бөлек тұрған. Оныңтұлы Акқұл кейiн Жамбылдың үйiне жақын көшiп келедi.

ҚИЛЫ ЗАМАН

Жамбылдың балалық шағы Қоқан хандығының Жетiсу қазақтары арасында Әулие-ата, Меркiде билiктi ұстап тұруға тырысып, оларға аяусыз салық салған соңғы кезеңiмен тұспа-тұс келдi. Меркiге қоныс аударған Қоқан билеушiсi Құсбек салық мөлшерiн аяусыз көбейттi. Оған қоса, қырғыз манаптарымен жайылымдық аумақ үшiн қақтығыс жиiлеп кеттi. Шапырашты халқы екi жағынан қыспақта қалды. Қазақ даласында Кенесары ханның билiкке келуiне үмiт болған жоқ. 1846 жылы патша

әскерлері оның сарбаздарын Кіші және Орта жүздің аумағынан біржолата қуды. Аумақтан тірек іздеген Кене хан оның басып кіруін басқыншылық жорық деп есептеген қырғыз манаптарының жеріне шабуыл жасады. 1847 жылы сәуірде болған шайқастардың бірінде Кенесары Қасымұлын қырғыздарға тұтқынға түсіп, қапияда мерт болды.

Жамбылдың Кенесары ханға қатынасы туралы бірер сөз. Ол бала кезінен бастап, азаттық жолында арпалысқан хан туралы ақсақалдар әңгімесін естіп өсті. Ақын соңғы қазақ ханының іс-әрекеттері туралы шынайы құрметке деректерді санасына қорыта бастады. Жамбыл Шыңғысхан, Абылай хан, Кенесары хан туралы халық пікірін жинақтап нағыз ақын қалпымен оларды ата-баба, ұлттық тарих, ұлы тұлғалар аясында сөз етті. Ел жадына қиянат жасаған емес.

Ұлы жүзде Қоқан билігі күн санап бәсеңси бастаған кез еді. Олар күн санап беделін жоғалтты. Бірде Құсбектің күзетшілері бектің өкіміне сілтей отырып, Қоралас руының екі қызын Меркі ауылына алып қашады. Турасын айтқанда, ұрлап алып кеткен. Тұрғындар Шапырашты руынан шыққан Тойшыбек батырдан көмек сұрайды.

Тойшыбек тартыншақтағанымен, оның ұлы Байсейіт тұрғындарға жақтасты:

– Әке, неге қорқасың? Егер сіз бектен қорқатын болсаңыз, оған мен барамын!

Байсейіт бектің киіз үйіне кіріп келгенде, билеушінің өкілі жас әйелдер ортасында қорқор шегіп отырды.

– Ия, жігіт, қайдан жүрсің? – деп сұрайды Құсбек.

– Күйеу баламен амандасуға келдім, – деп батыл жауап берді Байсейіт.

– Мен сияқты күйеу баласын тапқан адам қуаныштан бөрігін аспанға лақтыруы тиіс еді, – деді билеушінің өкілі мазақ етіп. Сол кезде Байсейіт бекті бірнеше рет қамшысымен салып жібереді де:

– Міне, саған күйеу бала! Міне, саған!

Құсбектің адамдары Байсейітті киіз үйден әрең шығарып, тез ауылдан алыс кетуге асығады. Оқиға бірқатар қақтығыстарға әкелді. Байсейіттің жігіттері қоқандықтарды жайлы орындарынан қуып шығып, шайқаста жеңіске жетті. Осындай оқиғалардан кейін шапыраштылардың кеудесін мақтаныш сезімі кернейді.

Қазақ даласындағы күрделі саяси ахуалға қарамастан, Екей руы біртіндеп сенімге ие болып, жерін кеңейтіп руаралық қатынастарда жоғалған позициясын қалпына келтіре бастады.

Екей руы әлсіреуінің себебі көп жыл бұрын болған еді. XVIII ғасырда Екей отбасы қайғылы жамылып, ол туралы аңыз халықарасына тарап та кеткен.

Істің мән-жайы былай. Батыр Жәрімбеттің ұлы және Сүйінбай ақынның ұрпағы Әлти Дулат руынан шыққан Аймембеттің жылқысын барымталап, олжасын Қырғыз тауларының сілемдеріне жасырған. Барымтаның себептері белгілі емес. Негізінде, барымта көшпелілер үшін тек малды ұрлап алу ғана емес, сонымен қатар руаралық қақтығыстарды шешудің бір түрі. Мал ұрлау, әдетте, кейбір күнәлар үшін, кек алу үшін жүзеге асырылды. Көбінесе билер сотының көмегімен қақтығысушы тараптар ымыраға келген. Бірақ бұл жағдайда іс ушығып кетті.

Әймембеттің ұлы Сексен Қордай тауында бүркітпен аң аулап жүріп, Қырғыз тауларының шығыс беткейлерінен жоғалып кеткен бір үйір жылқысын байқап қалады. Ол атасының жирен түсті айғырын бірден таниды. Сексен кері бұрылып, ауылына қарай шаба жөнеледі. Бірақ Әлтидің жігіттері оны қуып жетіп, сабап өлтіреді. Ал оның астындағы қара жорға атын қырғыз жеріне өткізіп жібереді. Сексеннің аңшы құсы мен тазы иті үйіне оралады. Әймембеттің жігіттері жоғалған туысының ізімен барады, бірақ оны таба алмайды. Кейін Дулат руының

адамдары кыргыздардан сатып алган жылқылардын арасынан Сексеннің кара айгыры табылды. Сұрастыра келе Сексенді Әлтидің жігіттерінің өлтіргені белгілі болады.

«Қанға – қан!» – кек алу талабымен Дулаттың бүкіл үлкен руы көтерілді. Сексеннің өлімі үшін билер жеті ер адамның құнына тең кесім белгілейді. Екейліктер құнды төлеуге келісті. Бірақ кесімді орындауға өз малы жетпей, басқа рулардан қарыз алуына тура келеді. Қарыздың ауыртпалығы өте ауыр болды. Халық кедейленіп, ауылдар көрші аймақтардағы басқа руларға – наймандарға, үйсіндерге, албандарға кетті. Нәтижесінде, ата жайылымдары және екейліктердің көштің бағыттары Дулат тайпасынан Сәмбет руының бақылауына (бір бөлігі Шапырашты Есқожа руына) өтті. Содан бері ұзақ уақыт Екей руында бірыңғай көшпелі аумақ болған жоқ. Екейлердің ауылдары Шу өзенінің бойымен көшіп, Кіндіктас пен Сарыбұлақ жайлауында тұрды, кейде Алатау баурайында қоныстайтын.

Аймембет ұлының оқиғасы екейлерді айыптауға себеп болды. Сол кездің барлық айтыстарында, ру ішінде де, ру арасында да тақырып назардан тыс қалмады.

Ақындар екейліктердің нашар хал-ахуалын келемеждейтін. Екейлер айтыстарда жеңіске жетті, бірақ руды қалпына келтіру үшін айтарлықтай дәлелдер қажет болды. Өйткені, байланыс орнату, мысалы, Есқожаның жақын туыстарымен қарым-қатынас орнату оңай болған жоқ. Есқожадан көптеген батырлар шыққан, руы байлар санатында болған. Екейлер мен есқожалар арасындағы даулар, айтыс тақырыбына айналды. Жамбылдың жақын туысы би Сарыбай Екей руын бірлікке жетелеу идеясына бар күшін салды. Кейіннен ол Ұлы жүздің жеріне шашыраған ауылдастарын біріктіру үшін туысқан ауылдарға барып, талай күн күш-жігер, шешендік өнерін сарп етті. Бірақ ол жаман қауесетті басу үшін және адамдар

тек екейлердің игі істері туралы айту үшін көп жылдар қажет болатынын түсінді. Тек батырлар руы жауынгерлерінің беделі мен атақты ақындардың сөздері басшыларды табысқа жетелейтінін білді. Ал батырлар, ақындар әрқашан болған! Дала үшін әдеттегі рефлексиялық практиканы еске түсіру жеткілікті: соғыс көшбасшысының атын жауынгерлік айқай (ұран) ретінде таңдау дәстүрі. Ежелгі заманнан бері Шапырашты тайпасының ерлері Есқожа руының аты аңызға айналған жауынгері құрметіне «Қарасай!» деп ұрандатқан. Жамбыл бұл есімді ерте жастан бастап, оның үстіне Жабайдың әкесінен аңшылықтан немесе жорықтан қайтып келе жатқанда ауылға батырдың есімін ұрандатып айғайлап кіретінін талай естіген. Қарасай батыр (1598–1671) – Шапырашты руының ғана емес, бүкіл қазақ халқының тарихында сыйлы ата-баба, нысаналы тұрға болған. Жамбыл поэзиялық туындыларында батырдың атын қайта жаңғыртты. Ол өзін онымен байланыстырды. Атақты бабаның рухын айтыста да шақыра отырып, жауларын күйретіп бара жатқан жеңімпаз жауынгердің табиғатымен бірлікте екенін сезіп, шын мәнінде батырлық күшке ие болатын. Қарасай Алтынайұлы аңыз бойынша, туған жерін жаулап алушылардан қорғап, жорықтар мен шайқастарда өмір сүрді. Жоңғарлармен болған шайқастарға қатысып, қазақ әскерін басқарып, стратег талантын көрсетті. Оның есімі Шапырашты руының даңқын асқақтатып, халықтың жадында мәңгі қалады. Ал XIX ғасырдың ортасында Екейден шыққан Саурық пен Сұраншы батырлардың есімдері де ел аузында айтыла бастады. Далада саяси жүйе түбегейлі өзгеріп, халық Қоқан ханының билігінен құтылуға ұмтылған кезде нағыз батырды туыстары да, бүкіл қазақ халқы да қажет ете бастады. Кейін Жамбыл олардың есімдерін айтыстарда, поэмаларында, өлеңдерінде шабытанна жырлады. Жамбылдың ізашар ұстазы Сүйінбай

Аронұлы. Ол – басқа да белгілі шығармаларымен бірге Сұраншы батыр туралы поэма жазған аса көрнекті ақын. Алдымен жас Жамбыл Сүйінбайдан Сұраншы туралы жаттап алған өлең жолдарын насихаттаған. Сонымен, Сүйінбай шығармашылығының гүлдену кезеңінде айқын көрінген Екей руының ақындарының әлеуеті Жамбылмен әрі қарай дамығаны сөзсіз. 1881 жылы Албанның ақыны Құлмамбет пен Жамбыл арасында айтыс өтеді. Құлмамбет дәстүр бойынша өз ата-тегін дәріштеп көрсетті. Жамбыл сатираны алға тартып, қарсыласынан қарсыласпайды. Қарсыласы Жамбыл айналасының кедейлігіне баса назар аударады. Бұған жауап ретінде Жамбыл сіңірі шыққанға лайықсыз қарағаны үшін тәжірибелі қарсыласын ұялтады. Айтыста жеңіске жету жолында Жамбылдың дәлелдері жеткілікті. Бірақ жас қарсыластың мол тәжірибелі ақынды жеңгені соншалықты таңқаларлық емес еді. Ауызша поэтикалық шығармашылықта шеберлік пен тапқырлық алдыңғы шепке шығады.

Бұл айтыс ХХ ғасырда қағазға көшірілгенге дейін ел арасында ауызша таралды. Сондықтан, ол тек Жамбылдың жадында ғана жазылып қалған жоқ. Халық бұл айтулы айтыстағы ақындардың жарқын, тапқыр, дәл, кейде ерекше, бірақ шынайы және өткір сөздерін есінде сақтап қалды. Сондықтан Құлмамбет айтқан сөздер Екейлер үшін, Жамбыл үшін ауыр болса да, ұрпақтарына бастапқы қалпында жеткен. Яғни, кім парызға, ар-намысқа, сөзге адал болса, жарты ғасыр ма, алпыс жылдан кейін бе айтысты дәл жаңғыртса, Жамбылдың өзі еді. Бірақ бұл айтыс ақынның өз аузынан жазылмағаны білінеді. Айтыстың мәтінін белгілі ақын Сәділ Керімбеков жазып, оны Ғылым Академиясы Тіл және әдебиет институтының қолжазба қорына тапсырған. Алайда, мәтін кімнен және қашан жазып алынғаны белгісіз. Мәтін халық жадында сақталып қалған.

БАТАЛЫ ЕР АРЫМАС

Жамбылдың балалық шағы туралы естеліктері – жалпы көшпенді өмір салты туралы әңгіме сынды: «Бала кезімде мен бірде-бір рет егістікті, бақтарды, арықтарды көрген емеспін. Сары дала менің Отаным болды. Мені қоршағандардың барлығы малдың арқасында өмір сүрген: оны азық ретінде пайдаланып, оның көмегімен көшіп-қонып жүрді. Біздің даламыз қырғыздармен шектесетін. Әкем Жабай жорықтарда ең ержүрек жігіттердің бірі болыпты. Мен киіз үйде өстім. Барлық қазақ балалары сияқты мені де бесікпен қоныстан қонысқа алып жүрген». Әулетте сақталған туыстары мен жақындарының естеліктерінде, Жамбыл еті тірі, ұшқалақ, бұла бала болып өсіпті. Ол ойын үстінде балалық неше түрлі қиғылық салатындардың бірі болған. Ол халық көп жиналатын мерекелерді, ересектер бас қосатын жиындарды ұнатқан. Үлкендердің сөздері, даулары, әңгімелері бала жадында сақталып, тіл қазынасынан әр кез жаңа ілімді сіңіріп отырды. Бала әкесімен бірге жылқышылардың арасында болуды жақсы көретін. Онда Жамбыл көшпелі өмірдің ерекше атмосферасына енетін. Ол асау жылқыны қалай үйрететінін, оларды үйірімен қайырып, суатқа айдап апаруын таңырқап қарайтын. Көп ұзамай өзі де тай үйретіп, құрдастарын басқарды. Ал кешке ру мен ел тарихын, ата-тегі туралы әңгімелерді, батырлар мен хандар туралы аңыздарды тыңдайтын. Ол малшылардың қиял-ғажайып қызықты ертегілерін естіп ұйқыға кететін. Ересектеу кезінде қой жаю тапсырылады. Шексіз даланың әсем көрінісі, жазиралы белдердегі жасыл шөп пен түрлі-түсті гүлдер оның балалық қиялын нәрлендірді. Оның танымы мен сезімі, дүниеге көзқарасы өлеңінде көріне бастайды. Ақынның естеліктері мен көркем туындыларынан басқа балалық және жастық шағы туралы

жазба деректер жоқ. Ақын балалық шағын көп еске ала бермейтін. Жәкеннің әдеби хатшысы Ғали Ормановтың (1907–1978) күнделіктерінде (1940 жыл 19 ақпан) мынандай жазба бар: «Күн тұманды, суық болды. Жамбыл әңгіме бастады.

– Суыта бастады. Балалық шақта тону деген не екенін кім білді? – деп сұрады ол. Бірден жауап күтпестен:

– Бұл балалық шақта болды. Сүйектен өтетін суық күн болды. Алатаудан тау етегіне қой айдап келе жаттық. Аяқ астында қар жамылғысы, сумен араласқан. Ал біз жалаң аяқ. Отар қоймен Тарғапқа жақындап қалдық. Құдай басқа салмасын, өзен арнасынан төгіліп, қара ағын жүйіте ағып жатты. Аяқ өткелді табу үшін жағалау бойымен төмен және жоғары жүрген адамдар. Бір жерде әлі жұқа мұз қабаты жатыр. Олар қойларды біртіндеп үстінен айдап өткізе бастады. Бір отарды екінші жағалауға бір қошқарға өткіздік. Қойдың екінші жартысы өте бастағанда мұз жарылды. Шу, қарбалас. Ақымақ қойлардың, арттағылары алдыңғы жаққа қарай жүгіріп, бізді әуреге салды. Өзеннің беті қойлардың арқаларынан көрінбей кетті. Ақыр соңында біз барлық қойларды жағаға шығардық. Жердегі қар аласапыран. Ашық аспан астында қондық. Ол кезде біз жалаңаяқ болсақ та тоңбадық. Қазір неге жаурап тоңамыз, білмеймін». Жамбыл ешқандай білім алған жоқ. Жай ғана мектеп болмады. Әкесі Жабай оны 8 жасынан бастап ауылдық молдаға оқуға береді. Бірақ молда сабақтары тек тәрбие беру әдістерімен есте қалды. Бұл оқиға жазда болған, Жамбылдың ауылы Қаскелең тауындағы Жая жайлауында қоныстаған кез еді. Молда балаларға Құранның сүрелерін таяқ арқылы үйрететін. «Бұл менің алғаш өлең шығара бастаған кезім еді», – деп еске алады Жамбыл.

– Әкем мені молдаға оқуға жіберді. Біз жайлауда болдық. Мен молдаға келдім. Табалдырықтан аттаған сәтте

өзімді бір торға түскен құстай сезіндім. Сабақтан кейін мен бірден орманға қаша жөнелдім. Бірақ олар мені тауып алды. Әкем қайтадан молдаға күштеп жібергісі келді. Сол сәтте мен оған өлеңмен қатқаным есімде: Молданың тәрбие әдістері де оның жадында тым әсерлі сақталғандықтан, Жамбыл сол оқиганы әкесімен дауласқан сәттерінде айтып отыратын. Он бес жасынан бастап ол өзін толығымен поэзияға арнады және ересек ақындармен бірге ауылдарды аралай бастады. Көбінесе оны әйгілі Сүйінбай өзімен бірге алып жүрді. Ақындыққа апарар жолы оңай болған жоқ. Жамбыл домбыра тартуды ерте үйренді. «Менің жаялықта жатқанда түсіме өлең кіретін еді», – дейтін ол. Алғашқы музыкалық сабақтарын Ұлдан анасының Қанадан есімді ағасы үйреткен. «Домбыра қолыма тигенде, балалық тентекті ұмытып кеттім, – деп еске алады Жамбыл, – маған домбыра емес, жас жүрегім жырлап тұрғандай көрінді». Қанадан оған қобыз тартуды үйретіп, ұлттық музыкалық аспаптарға баулиды, атақты әнші-күйші, ақындар туралы әңгіме-аңыздарды айтып, аға буынның шығармашылығын таныстырды. Бірте-бірте Шөже, Майкөт, Бақтыбай, Жаныс, Тілеміс туындыларын жаттап алды. Ол уақытта Екей руында белгілі шығармаларды орындайтын әнші-сазгерлер көп еді. Мүмкін, дәл осы кезеңде ол Оразалы, Мұраталы сынды әншілер мен орындаушылардың өнерімен танысқан болар. Оның қызығушылығы көп ұзамай өзіне шығармашылық қуат берді. Жамбыл кешкі алқа қотан отырыстарда, қатарластары арасында немесе отбасы ортасында, кейін шағын жиындарда, тойларда ән айта бастады. Оны құрбы-құрдастарының арасынан ерекшелеп, отбасылық мерекелерге шақырып, шағын салт-жораларды орындауды тапсыра бастайды. Бұл ақынның танымалдылығын арттырды. Әкесі жағынан жақын туыстарының арасында ақындар да, әншілер де болған жоқ. Сондықтан ұлының

музыкалық және поэтикалық әуестігіне әкесінің сенбеуі таңқаларлық емес. Ол баласының бұл ісін тоқтатуға тырысты. Ұлының ақындық жолдан бас тартпайтынын естігенде Жабай:

– Бізге «Екейде елу бақсысы, сексен ақыны» деген сөз де жеткілікті. Сексен бірінші ақын болуға ұмтылудың не керегі бар? Ақындық – қайыршылық, бақсы – жын-шайтандық. Жындарды қуып, жиын үшін адамдар арасында сауық құрудан гөрі, мал баққан жақсы! – деген екен. Жамбыл түсіністік танытпағаны үшін әкесіне ренжіді, әуестенуіне деген қарсылығынан көңілі қалады. Бірақ өз таңдауынан қайтпады. Жастық жалыны мен максимализмі де рөл атқарды. Оған әкесінің кейбір істері ұнамады, Жабайдың барымтасы туралы өсек тарап, мұның шет жағасын алыс көршілерден еститін. Баласы әкесінің абыройы үшін қауіптеніп, қауесеттер үшін уайымдады. Жамбыл ақынның қандай жетістікке жеткенін ескерсек, әкені өз ұлының ісіне қарсы шыққаны үшін айыптауға бола ма? Әрине, жоқ. Әрбір әке баласына бақыт тілейді, Жабайдың өмірлік тәжірибесінде ақынның жолы көбінесе қиын, азапты да ащы жол ретінде есте қалған, ол әрине ұлына мұндай жолды қаламады. «Ақындар әдетте үй шаруасымен, мал-жанмен жұмысы болмай, той-томалақпен, ырду-дырумен өмір сүреді» деген сөз ел арасында кең жайылған. Расында, ақындар басқа сөз шеберлерімен айтысқа түсіп, жаңа көрермен іздеп ән айтып, жалпы жарқын әсер қалдыру үшін аудиториясын кеңейтіп, ауылдан ауылға жиі көшіп жүретін. Осындай көшпелі ырғаққа барлығы бірдей шыдай алмай, амалсыз қатал дала жағдайында өмір сүрудің негізгі құралы – мал бағуға қайта оралғаны да аз емес. Ақынның өміріндегі сәттілікті оның ықпалды байдың қасында жүріп, ән шырқап жүрген кезімен байланыстырады. Қалай болғанда да, кәсіби ақындардың өмір салты олар үшін берік отбасын

құруға кері ықпал етті және Жабай бұл туралы жақсы білді, ол үшін Қанаданның өмірі-ақ үлкен мысал болды. Жамбылдағы ақындықтың бастауы анасы жағынан берілген деп есептеуіміз керек. Оның анасы Ұлдан керемет ән салатын. Қанадан керемет музыкант, композитор болды. Ұлының домбыра шертіп жүргеніне қарап, анасы: «Оған ағам Қанаданның дарыны қонған», – деп айтатын. Жас Жамбылдың мінезі ақынға тән еді. Ол көңілді, көпшіл әрі жалынды еді. Ақындарда ерекше бағаланатын туралықпен түрлі тақырыптар әңгіме қозғайтын. Көп ұзамай ол халық арасында үлкен абыройға ие болды. Ру ішінде айтылған аңыздардың бірі мынау еді. Бір күні қария Қазыбекті байқап қалып, Жамбыл қол алысып, сәлем берді. Ақсақалдың алыстан келе жатқанын біліп, бірден үйіне апарады. Ақсақалдың алдын есікті айқара ашып, киіз үйдің ең құрметті орны – төрге отырғызады. Сол кезде Жабай да үйге кірді. Қонақ үй иесінен ұлының жасы мен қызығушылығы туралы сұрайды. Әкесі Жамбылдың ақындығы туралы құлықсыз айтып, оған деген наразылығын білдірді. Сонда Қазыбек: «Ұлыңыздың жүзі ашық, маңдайы жарық екен. Оның өз жолын табуға деген талабына кедергі болмаңыз. Ол адаспайды!» – деген екен. Жамбыл он үш жасында округте ән орындаушы ретінде танымал болған, көбінесе ақындардан жаттап алғанын айтатын еді. Өзі де жазып көрді. Солай ақындар сайысына қатыса бастады, шын мәнінде, әкесі қалай тырысса да баласының осы әдетін қойдыра алмады. Жамбыл алыс-жақын ауылдарды аралай бастағанда рухы жақын ақындардың шығармашылығынан шабыт алып, бірге ән шырқап, олардың суырып салма қабілетімен бәсекелесіп отырды. Ол сөзін – ойға, ойын – өмір ағымына, ал өмірді – жүрек үніне, жан музыкасына бағындыра білуден нағыз ләззат алған. Ерте жастан нағыз ақындарға тән қасиеттерді: батылдық, өткірлік, сыни көзқарас пен ән айту, домбыра

тартуды шебер игере отырып, бірте-бірте кәсібилікке қол жеткізді. Жамбыл өз өмірінде батыл шешім қабылдаған кезде жасы он төртте еді. Оның үстіне ол шақ қазақ даласында қалыптасқан қиын кезеңмен қатар келген-ді. Жетісу жері толқу үстінде еді, ал саяси жағдай өзгерістерге толы болды. Қоқан хандығының билігі аяқталып, Ресей империясының билігі келді. Ал Жамбыл өлең жазуды және ән айтуды армандады, ешқандай өзгерістер оның шығармашылыққа деген сүйіспеншілігіне әсер ете алмады. Жан дүниесі өлеңнен басқа ештеңені қаламады. Бар ойы тек өлең-жырға толы болды. Ол ақындыққа аяқ басқан сәтінде әкесіне бата сұрап келеді. «Жаңбырмен жер көгереді, батамен ер көгереді», – деген қазақ мақалы бар. Батасыз салт-дәстүр, рәсім өтпеген, адам жолға шықпаған немесе маңызды істі бастамаған. Ал Жабай ұлының таңдауына үзілді-кесілді қарсы болды.

– Бұл сенің жолың емес, балам – деді ол ұлына.

– Сен менің найман мен үйсін арасында жүргізген ісімді жалғастыруға тиіссің. Жамбыл қатты күйзеліп, домбыраны қолына ала сала оның ішектерін саусақпен шертіп жіберіп, ырғақты әуенге басты. Сол сәтте ол ұзақ уақыт бойы жүрегінде жасырып, туған адамына айтуға батылы бармаған мұңын өлеңмен жеткізді.

Сөргінің ұрлап қара атын,
Жазықсыз қиып қанатын,
Жапанда жалғыз қалдырып,
Жайым жоқ қарғыс алатын.
Ел арасын ығыр қып,
Ойым жоқ шұрқан салатын.
Қоныстан елді бостарып.
Неміз бар енді шабатын!
Өлең мен сөзді дос қылып,
Құрамын ақын санатын!

Жас жігіт әкесінің кейбір әрекеттерін баса айтып, басқа адамдарды үмітсіздікке ұшыратпауға шақырды. Ел аузында сақталған әңгімелерге сүйенсек, Жабай өзіне жасалған қысастық үшін кек алу мақсатында Найманның Қаптағай руынан малды айдап кеткен. Бұл нағыз барымта еді. Қазақ даласында мұндай әрекет таңсық емес еді. Дауларды шешудегі дәстүрлі тәсіл деп айтуға да болады. Дауды шешуге тырысқан әрекет Шапырашты мен Қаптағай руларының арасындағы жанжалға әкеп соқтырды. Оның осы әрекетін қолдамайтынын ұлы ашып айта алды. Қазақтың патриархалды отбасы үшін оның батылдығы тым өрескел болса да, бұл жолы әкесі ұлының сөзін бөлмеді. Алайда отбасын масқара еткен барымта үшін Жабайға жала жабылуы да мүмкін еді. Бұл іске нүкте қоятын кез келді. Біраз уақыттан кейін тараптар шынымен келісімге келді. Жас жігіттің бойында сол кезде-ақ ақындықтың негізгі қасиеті болған. Яғни ол ең жақын, туған адамының алдында шындықты айтып, нағыз ақын ретінде көрінді. Жабай ұлының бойындағы осы қабілетті айқын көрді. Әкесі дала адамы болса да, жас ақынның шығармашылық күшін бағалауда шет қалмады, өйткені сол сәтте ұлының есейгенін түсініп, шабыттанған сәтінде оның қайта туылғандай сезінетінін байқады.

– Несі бар, – деді әкесі, – сенің айтқаның-ақ болсын. Ендеше, ақ жол! Әкесінің батасын алған Жамбыл ақындықтың қиын да жауапты жолына аяқ басты.

БУЫРҚАНҒАН ДӘУІР

Ол кездегі адам тағдыры көбінесе қоғам өміріндегі шешуші өзгерістерге байланысты еді. Қалай болғанда да, Жамбылдың тағдырына да осындай жағдайлар әсер етті. Төңкерістер, сыртқы әлемдегі соғыстар, даладағы көтерілістер және жаңа билеушілердің көшпелі өмірге басып кіруі қазақ даласының барлық тұрғындарына, әсіресе, шығармашыл тұлғаларға, ақындарға зор күйзеліс әкелді. Олардың сыртқы әсерлерге деген көзқарасы, бәлкім, қоғамдағы жағдайға ерекше ықпал етпеген шығар, бірақ ақындардың дүниетанымы елеулі өзгеріске ұшырады. Жамбылдың кәсіби жыршылар қауымдастығына кіруі Жетісудағы сілкіністермен қатар келді. Мұнда сыртқы басқарудың ауысуы ауқымды әскери іс-қимылдарға ұласты. Көтерілістер, бір жағынан өлкеге еніп жатқан орыс әскерлеріне қарсы бағытталса, екінші жағынан жергілікті халық мәжбүрлі түрде кеңінен тартылған қоқан әскери құрамаларына қарсы жүргізілді. 1857–1858 жылдары Шымкент және Әулие ата аудандарында қанауға төзуден шаршаған халық қоқандықтарға қарсы шықты. Көтеріліс аяусыз басылды. Нәтижесінде қазақтардың едәуір бөлігі Ресей империясының жағына өту туралы шешім қабылдады. Ұлы жүз қазақтары екіге бөлінді. Біреулері Кенесары ханның ұлы Сұлтан Сыздықтың жағына шығып, қоқандықтар жағында орыс әскерлеріне қарсы күресті. Басқалары патша әкімшілігін қолдады. Олардың қатарында Сұраншы батыр бастаған Жетісу қазақтары да болды. 1858 жылы Сұраншы қоқандықтарға қарсы халық көтерілісін басқарып, орыс әскерлерімен одақтасып әрекет етті. Оның ең жақын серігі Сарыбай би болатын. Сұраншы Ақынбекұлы (1815–1864) – Шапырашты тайпасы Есқожа руының батыры, 1840 жылдардың аяғында Қоқанға қарсы шыққан орыс жасақтарына көмекке келген. Жамбыл

«Сұраншы батыр» поэмасында оны қазақ ауылдарын қоқандық басқыншылардан қорғаған қаһарман образында суреттейді. Жамбыл поэманың бірінші нұсқасын XIX ғасырдың екінші жартысында, жиырма бес жасында жазған. Шығарма 1920 жылы толық аяқталған. Ақын халықты күреске шақырып қана қоймай, жастарды көтерілісшілерге қосылуға шақырды. Сүйінбайдың өзі сөзден іске көшті. Қару ұстап, атқа мініп, Сұраншының серігіне айналды. Сүйінбайдың Сұраншы батыр туралы туындылары Жамбылды жыр жазуға шабыттандырады. Алайда оның шәкірттері Кенен Әзірбаев пен Үмбетәлі Кәрібаевтың естелігінен белгілі жайт: жас Жамбыл Сүйінбайдан Жетісуды қоқандықтар мен қырғыз одақтастарынан азат ету тарихын дастан етіп жазу жөнінде нақты тапсырма алған. Бұл туралы поэмада ақынның өзі де айтқан. Поэманың басым бөлігінде Қоқан ханы кезінде болған қиын кезеңдерге эпикалық шолу жасалады. Жетісу қазақтары патша әскерлерінен де жақсылық көре қоймаған.

Осы қиын-қыстау кезеңде халық батырлардан үміт күтеді. Адамдарды біріктіріп, зұлымдыққа қарсы күресуге кім жетелейді? Тек батырлар. Халық Сұраншыны қолдауға шақырды. Халық аңызы бойынша, орыс әскерінің қолдауымен Сұраншы мен Сарыбай бес мыңдық әскер жинап, Ұзынағаш түбінде Құдияр ханның мыңдаған жасағын талқандап, Қоқан билігінен Шапырашты руының жерін босатып, жауды Ұлы жүздің жерінен қуып шыққан. Әулие ата, Меркі, Шу тұрғындары осы сәтте еркін тыныстайды. Алайда Ресей тарихнамасы әскери оқиғалардағы саяси ойыншылардың рөлін басқаша түсіндіреді. 1859 жылы Алатау аумағының бастығы және Үлкен Орданың приставы лауазымын болашақ генерал-губернатор, сол кезде майор Герасим Алексеевич Колпаковский атқарды. Колпаковский – ақылды, патшаға адал және өте белсенді офицер. Ол батысқа, Тоқмак пен

Пішпекке, аймақтағы қоқандықтардың негізгі тіректеріне шабуыл жасауды ұйымдастыра бастады. Верныйдың алдынан Қаскелеңде жаңа бекет орнатты, содан кейін Ұзынағаш бекініс қорғанын қайта құрды. Ол Шу өзенінің жоғарғы ағысы мен Ыстықкөлге баратын жолды бақылайтын Қастек бекініс пунктін жоспарлады. Осы мақсатта Верный қаласынан түйе керуенін қамтитын алты жүз елу адамнан тұратын үлкен отряд шығарды. Отрядты әскери топограф-капитан Михаил Венюков басқарды. Қаскелең шатқалынан кейін қазақ жасақтары орыс әскерлеріне қосылды. Мұрағаттық құжаттарда сол кездегі одақтастардың ішінде хорунжий Сұраншы Хакімбеков (біраз деректе Ақынбекұлы) пен би Сарыбай Айдосовтың есімдері де көрсетіледі. Колпаковский Сұраншы батыр өз жігіттерін кадрлық әскери қызметкерлермен салыстыруға болатындай етіп тәрбиелегенін атап өтеді. Әскери атақтары мен құрметі Сұраншының әскери жетістіктері туралы құжаттық куәліктерімен расталады. Мұрағаттық құжаттарда: «Шапырашты руынан шыққан би Сұраншы Хакимбеков 1847 жылы прапорщик атағын алған» деп жазылған. Офицер Ясинский 1860 жылғы 27 ақпандағы баянатта Сұраншы батыр Қопа шатқалындағы Шаян ауылын қоқандықтардың шабуылынан босатқанын және 20 жауды тұтқынға алғанын баяндайды. Құдияр хан Жетісудағы ықпалын жоғалтумен келісе алмады. 1860 жылдың көктемінде қоқандықтар Жетісуға әскер кіргізеді. Одан да айбарлы әскер жинап (22 мыңнан астам адам), Құдияр хан тағы да Қастекке бет бұрды. Сол жылдың қазан айында Колпаковский бастаған орыс әскерлері жаумен қақтығысып қалды. Ұзынағаш маңындағы қанды шайқас 19–21 қазаны аралығындағы үш күнге созылды. Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорт облыс губернаторына былай деп есеп береді: «Орталық Азияға алғашқы қозғалыс кезіндегі бұл ұрыс біздің қаруымыздың күштілігін

көрсетті. Подполковник Колпаковскийдің басшылығымен үш жаяу әскер, төрт жүз казак, екі жаяу батарея, төрт атты және екі алысқа ататын станок болды... Басында 5 мыңға жуық қоқандықтардың шоғыры біртіндеп күшейіп, әскерімізді екі қапталдан айналып өтті. Бірақ бұл жерде де артиллериямыздың ең жақын жау колонналары бойымен сәтті әрекеті және казактардың батыл шабуылдары жаяу әскер қолдаған ержүрек Бутаковтың басшылығымен тобырды тағы да ыдыратып жіберді, ал қоқандықтар асығыс шегіну кезінде өлгендердің мәйіттерін алуға да үлгермей жатты... Бұл шайқаста жаудың шығыны қаза тапқан және жараланғандармен қосқанда 1500 адамды құрайды». Батыс Сібір генерал-губернаторының атына жазған кейінгі бір хатында хатында Колпаковский Сұраншының ерлігі туралы айтқан. Оның есімін адал одақтастар қатарында Шоқан Уәлиханов аға жолдасы Карл Казимирович Гутковскийге жазған хаттарының бірінде атап өткен. Сұраншы Әулие атаны босату кезінде, 1864 жылдың тамыз айында Сайрамға жақын қоқандықтармен ұрыста ерлікпен қаза тапқан. Жамбыл батырдың көркем бейнесін сомдады. Сондықтан бұдан сәйкессіздіктер мен тарихи фактілерге байланысты шынайылықты талап ету көркем өнер заңдылығына қайшы. Бірақ ақын суреттеуі халық кейіпкерлерінің бейнелеу дәстүрлеріне толығымен сәйкес келеді. Оның үстіне Жамбыл поэмасындағы Сұраншы нағыз қаһарманның қандай болуы керектігі туралы халықтық түсініктерді толығымен сипаттайды. Сондықтан оны ел арасында әлі күнге дейін жақсы көреді. «Сұраншы батыр» поэмасында Жамбыл даланың табиғатын, ұлттың өмірі мен тұрмысын жан-жақты көркем суреттей білді. Онда тарихи дәуірді әртүрлі жырмен суреттеген үзінділер бар. Сұраншымен бірге жер аударылғандар соғысады деген тұсы – шындықтың көрінісі. Жамбыл қашқын орыстардың, оның ішінде

Верный қаласында орналасқан Сібір отряды адамдарының Шапыраштық ауылдарына тығылып, өмір сүріп жатқанын жақсы білген.

Батыр тұрып толғанды,
Терең-терең ойланды,
Теңізден тұрған желдейін,
Күтірлеп кеткен сендейін,
От шашқан биік таудайын,
Айбарланып қозғалды,
Патшаның қашқан солдатты,
Алпыстан асқан бар жасы,
Бастығы Жагор Оралдық,
Сегіз орыс, бір татар,
Бірге келген жолдасы.

Алайда Жамбыл шығармасы соғысушы тараптардың ұрыс қимылдары немесе оқиға күндері туралы шынайы мәліметтері бар дереккөз, хронотоп емес. Автордың лирикалық-эпикалық көріністері, ең алдымен, батырлықты оятуға және ұлттық рухты нәрлендіруге арналған. Бұл романтикалық поэма тарихи қаһармандық жанрда орындалған. Оның айқын артықшылықтары – қазақ қоғамында болып жатқан өзгерістердің мәнін, уақыт рухын бейнелеуде. Күрделі әдеби шығармаларға тән тарихи көрегендіктің ұшқыны «Сұраншы батыр» поэмасында да бар, онда саяси режимдер мен халықтың жаңа жүйеге деген көзқарасы бейнеленген. 1860 жылы Жамбыл әуесқой ақындықтан кәсіби ақындық дәрежесіне көтерілді. Ол қазақ даласында жүріп жатқан саяси жүйенің өзгерісін сезбей қоймады. Қазақ даласына ұзақ уақытқа жаңа билік келді, дәстүрлі өмір салтқа төнген қатерді халықтың бәрі бірдей сезген жоқ және бірден аңғара қоймады. Осы уақытқа дейін Ұзынағаш түбіндегі Құдияр ханның ойсырай жеңілуі Жетісудағы жағдайды тұрақтандыру үшін үлкен маңызға ие еді. Осы сәттен бастап қоқандықтар мен олардың

одақтасы қырғыздар Шапырашты жерлеріне шабуыл жасауды азайтты. Қазақтар Ресей билігінен қаншалықты сақтанса да, нәтиже айқын еді: көп жылғы Қоқан езгісінің ақыры жақындады. Тарихтың кезекті аласапыран заманы аяқталды. Тұрақты даму мен қауіпсіз өмірге деген үміт пайда болды – қазақ мұндай кезеңді «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған уақыт» деп атаған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ерлан Сыдықов Жамбыл Жабаев кітабы, «Алтын кітап» баспасы. – Алматы, 2021 ж.
2. С.Мұқанов Жамбыл Жабаев туралы: <https://kitap.kz/book/zhambyl-zhabaev-turaly>
3. Жамбыл Жабаев Халық менің шын атым. – «Атамұра» баспасы
4. М.Жолдасбеков Ж.Жабаев – ұлы дала ақыны
5. «Далалық мәдениеттің дарабозы мақаласы»: <https://www.kaznu.kz/kz/3/news/one/24773/>
6. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы - Ректор Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевтың Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай «Ана тілі» газетінде жарияланған мақаласы.
7. Жамбыл Жабаев жайлы қызықты деректер: <https://sputnik.kz/spravka/20201129/15609773/jambyl-jabaev-dereker.html>
8. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B0%D0%BC%D0%B1%D1%8B%D0%BB_%D0%96%D0%B0%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D2%B1%D0%BB%D1%8B
9. <https://bilim-all.kz/article/14439-ZHambyl-ZHabaev>

МАЗМҰНЫ

Түсінік хат.....	4
Күнтізбелік-тақырыптық жоспар.....	13
Курс бағдарламасы бойынша материалдар жинағы	15
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	47

ҰСЫНЫСТАР ҮШІН

ҰСЫНЫСТАР ҮШІН

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ИННОВАЦИЯ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР «ИННОВАЦИЯ»**



Электронды почта: qazinnovation@mail.ru

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«ИННОВАЦИЯ» БАСПА ҮЙІ**

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ИЗДАТЕЛЬСТВО «ИННОВАЦИЯ»**



Электронды почта: innovation.kz@bk.ru